Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі *Министерство здравоохранения Республики Казахстан*	
Мемлекеттікорганныңатауы *Наименование государственного органа* *"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Атырау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Атырау қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі* *Республиканское государственное учреждение "Атырауское городское Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Атырауской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"*	

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение
№ KZ45VWF00598711
Дата: 01.07.2026 ж. (г.)

1.Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)
ЖШС "Kozaiym Kids"

(2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы) (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 07 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) ***Заявление от 18.06.2026 17:10:21 № KZ12RYS01787865***

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата,номер)

2.Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик)(заявитель) ***"Kozaiym Kids" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Атырау қаласы, Балықшы ықшам ауданы, Тұқпатолла Қалмұханов көшесі, 32 құрылыс мекен жайында орналасқан.***

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы (тиесілігі), объектінің мекен жайы/орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты
(полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама ужүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)
мектепке дейінгі тәрбиелеу ұйымы
сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекенжайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес) ***Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілері***

4. Жобалар, материал әзірленді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) **-**

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) ***зертханалыө хаттама көшірмелері мен кадасторлық паспорт.***

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) **-**

7. Басқа ұйымдардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организации (если имеются) **-**
Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции)

Атырау қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына Е-лицензия порталы арқылы 18.06.2026 жылғы KZ12RYS01787865 санды тіркелген өтініш негізінде Атырау қаласы, Балықшы ықшам ауданы, Тұқпатолла Қалмұханов көшесі, 32 құрылыс мекен жайында орналасқан 4 топ 96 орынға арналған ЖШС "Kozaiym Kids" бөбекжай-бақшасы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру үшін тексеріс жүргізілді. ЖШС "Kozaiym Kids" ЖСН 260340032467.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

Атырау қаласы, Балықшы ықшам ауданы, Тұқпатолла Қалмұханов көшесі, 32 құрылыс мекен жайында орналасұан ғимараттың меншік иесі (20.10.2021ж №0022155903539 мәліметке сәйкес) У.Д.Мирманов пен ЖШС "Kozaiym Kids" бөбекжай-бақшасы құрылтайшысы Р.А.Кабдешова арасында объектіні жалдау шарты 10.04.2026ж №1 келісім шарт жасақталған. Субъектіні бастапқы тіркеу күні 30.03.2026 №260340032467. Заңды мекенжайы Атырау қаласы, Қызыл Балық, К.Байсейтов көшесі, 2.Объектінің орналасқан жері Атырау қаласы, Балықшы ықшам ауданы, Тұқпатолла Қалмұханов көшесі, 32 құрылыс , ЖШС "Kozaiym Kids" бөбекжай-бақшасы құрылтайшысы Кабдешова Рита Аймуратовна, egov арқылы 3.04.2026 жылғы №101000234081527 санды заңды тұлғаны тіркеу анықтамасы бар. Телефон нөмірі: 87780008575, Электрондық пошта: Rita_75_75_75@mail.ru, қызмет саласы мектепке дейінгі білім беру ұйымы. Техникалық құжаттамасына сәйкес бөбекжай-бақшасы 2 қабатты бейімделген дербес ғимаратта орналасқан, жобалық қуаты 4 топ 96 орынға арналған. Ауысым саны - 1, (4 топ 96) орынға арналған.

Атырау қаласы, Балықшы ықшам ауданы, Тұқпатолла Қалмұханов көшесі, 32 құрылыс мекен жайы бойынша бөбекжай-бақшасына заңнамаға сәйкес рұқсат беру құжаттары санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды бұрын берілмеген.

Объектінің аумағында сыртқы жасанды жарықтандыру орнатылған, жұмыс қалпында. Аумағында және үй-жайларында олармен функционалдық жағынан байланысы жоқ объектілер орналастырылмаған. Объектінің учаскесіне кіру жолдары тазалауға қолжетімді қатты жабынмен жабылған. Аумағы таза ұсталған, жинау жұмыстары жүргізілген. Ғимаратының аумағы түгел қоршалған.

Қоқыс жинағыш шаруашылық аймақта орналасқан, үш жағынан қоршалған, тазалауға және дезинфекциялауға жеңіл су өткізбейтін жабыны бар алаңға орнатылған. Қоқыс жәшігінің тығыз жабылатын қақпақтары бар. Қоқыс жинағыштар (контейнерлер) таза. Тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару бойынша қызмет көрсетуге «Спецавтобаза» ЖШС мекемесімен 15.06.2026 жылғы №04-0008/26/Ж санды келісім-шарт жасалған.

Аумағында балалардың әрбір жас топтары үшін жеке ойын алаңдары көзделген. Ойын алаңдарындағы жабдықтар балалардың бойы мен жасына сәйкес келетіндей етіп орнатылған, үшкір шығыңқы жерлері мен ақауы жоқ. Жабдық бетінің жабыны суға төзімді материалдан көзделген. Күн мен жауын-шашыннан қорғау үшін әрбір топқа еденіне ағаш төселген, үш жағынан қоршалған көлеңкелі қалқалар көзделген және алаңдарының жабыны денсаулық үшін қауіпсіз (жарақаттануды болдырмайтын) материалдардан көзделген.

Бөбекжай-бақшаның топтарының үй-жайларының құрамы мен олардың аудандары "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының 2-қосымшасына сай келеді.Топта бір балаға аудан нормасы бойынша жалпы ғимараттың үй-жайларының жиыны төмендегідей қарастырылған:

I-қабат

1-қабат сол қанат 25 орынға арналған «Достық»тобы орналасқан, үй жайлар жиыны төмендегідей:
Балалардың шешіну бөлмесі-21,0 м2
Ойын бөлмесінің жалпы ауданы-59,2 м2 (17,2шм,21,0шм,21,0шм біріктірілген ойын бөлмесі)
Жатын бөлме ауданы ауданы - 49,0 м2 (28,0шм, 21,0шм біріктірілген жатын бөлмесі)
Санитарлық торап ауданы -17,7 м2
Буфет ауданы-3,8
1-қабат оң қанат 25 орынға арналған «Қазына»тобының үй жайлар жиыны:
Балалардың шешіну бөлмесі-21,0 м2
Ойын бөлмесінің ауданы-53,0 м2 (21,0шм, 21,0шм, 11,0шм біріктірілген ойын бөлмесі)
Жатын бөлме ауданы - 46,3 м2 (18,6, 27,7шм біріктірлген жатын бөлмесі)
Санитарлық торап ауданы -17,7 м2
Буфет ауданы-3,8
Сонымен қатар 1-ші қабатта қосымша үй жайлар жиыны:
Жинау құралдары мен дезинфекциялық құралдарды сақтау бөлмесі-8.0
Саз бөлмесі-61,2шм
Медициналық кабинет және оқшаулау бөлмелерінің жалпы ауданы -24,0шм қарастырылған.
Қызметкрелрге арналған санитариялық орап қарастырылған.

II-қабат

2-қабат сол қанат 22 орынға «Береке»тобы орналасқан үй жайлар жиыны:
Балалардың шешіну бөлмесі-21,0 м2
Ойын бөлмесінің ауданы-49,3 м2 (13,9шм, 17,7шм, 17,7шм біріктірілген ойын бөлмесі)
Жатын бөлме ауданы - 41,2 м2 (17,7шм,23,5шм біріктірлген жатын бөлмесі)
Санитарлық торап ауданы -17,7 м2
Буфет ауданы-3,8
2-қабат оң қанатта 24 орынға арналған «Бірлік»тобы қарастырылған, үй жайлар жиыны:
Балалардың шешіну бөлмесі-21,0 м2

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

Ойын бөлмесінің ауданы-52,0 м2 (21,0шм, 10,0шм, 21,0шм біріктірілген ойын бөлмесі)
Жатын бөлме ауданы - 43,7 м2 (18,5шм,25,2шм біріктірлген жатын бөлмесі)
Санитарлық торап ауданы -21,0 м2
Буфет ауданы-3,8
Сонымен қатар қосымша үй жайлар:Жинау құралдары мен дез құралдарды сақтау бөлмесі-8.0, әкімшілік бөлмелер: 17,3шм,15,0шм,21,4шм. Қызметкерлерге арналған санитариялық торап қарастырылған.

Барлық топтардың балалардың киімін шешінетін бөлмесінде шкафтар жеке таңбаланған және бас киімге арналған сөрелермен және сыртқы киімге арналған ілмектермен жабдықталған.Барлық топтың ойын бөлмесінде 96 бала санына жеткілікті балаларға арналған арқасы бар отырғыштар мен үстелдер және ойыншық сақталған сөрелер қарастырылған. Төрт топтың жатын бөлмелерінде бала санына жеткілікті 96 кереуеттер орнатылған. Төрт топтың санитариялық торабында балаларға арналған әр топта 3 раковина, 3 унитаз және балалардың жуынуы үшін иілмелі шлангісі бар гигиеналық 1 ванна қарастырылған. (Барлығы 12 унитаз, 12 ркаовина, 4 ванна)

Жиһаздар мен жабдықтардың жиыны, саны және өлшемі объектілердің бейінін, үй-жайлардың ерекшелігін есепке ала отырып көзделген. Топтық бөлмелер балаларға арналған үстелдермен, арқалығы бар орындықтармен жабдықталған. Жиһаздардың өлшемдері «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының 5-қосымшасына сәйкес қамтылған.

Балаларға саз шараларын және спорттық шаралар өткізу үшін ауданы-61.2 шм болатын холл қарастырылған.Медициналық қызмет көрсету үшін медицина қызметкерімен қамтылған.

Медициналық кабинет медициналық жабдық пен құрал-сайманмен толық жабдықталған. Медициналық кабинетте қол жуу раковиналары орнатылған, салқын су және ыстық су жүргізілген, дозаторы бар сұйық сабыны қарастырылған.Бактерицидті сәулелендіргіштер, кеңсе және медициналық шкафы, әйнек қақпағы бар медициналық шағын үстел, тоңазытқыш, кушетка, медициналық үстел, жұмыс үстелі мен отырғыш, тонометр, термометр,медициналық қалдықтарға арналған ыдыс, шприцтар, лотоктар, керме, термоконтейнер, кеңсе тауарлары (журналдар, дәптерлер, желім, қаламсап, қағазтескі, степлер, корректор, папкалар және т.б.), үлкен және кішкентай бикс, бір рет қолданылатын бетперделер, жинау мүкәммалы: шелек, швабра , шүберек, шүберек сақтайтын ыдыс, қолғаптар, Бір рет қолданылатын жаймалар, педальды қақпағы бар шелек, үстелге ұоятын шам, жинауға арналған қоңыр түсті халат, резеңке бұрау, таразы, бой өлшегіш, саниметрлік лента, резеңке жылытқы, мұзға арналған ыдыс, кілемше,металл қалақша, аяқ-қолды иммобилизациялауға арналған шиналар, көздің көргіштігін анықтауға арналған кестеле, т.б қарастырылған. Медициналық бөлменің қабырғасы жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндей кафель. Оқшаулау бөлмесі балаларға арналған кереуеттермен жабдықталған.

Жалпы ғимарат ішіндегі барлық үй жайлардың төбелері мен қабырғалары тегіс және таза (саңылауы және жарықшағы жоқ, бүлінбеген, грибоктармен зақымдану белгілері жоқ).Барлық үй-жайлардағы еденнің беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған. Қабырғалары мен едендері дезинфекциялау және жуу құралдарын қолдана отырып ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндей етіп төселген. Балалардың тамақтануын әр топтың ойын бөлмесінде ұйымдастырылған.

Ас блогының үй жайлары "Kozaiym Kids" бөбекжай-бақшасының аумағындағы 1 қабатты ғимаратта орналасқан :

Төмендегідей үй жайлар жиыны: Асүй (ыстық цех) және ыдыс жуатын орын жалпы ауданы 47.2шм, шикі өнімдерді өңдеу цех-24,7шм, көкөністер мен сусымалы өнімдерді сақтауға арналған аймақтарға бөлінген қойма қарастырылған.

қойма бөлмелерінің ауданы- 13,4шм және 12.3шм,11,0шм. Қызметкерлердің киімдерін шешінет бөлме қарастырылған ауданы -7,50шм және персоналға арналған санитариялық торап бөлмесі-6,30шм қарастырылған.

Ас блогында технологиялық процестердің бірізділігі көзделген, шикі және дайын тағамдардың, лас және таза ыдыстардың қарама-қарсы ағынына жол берілмеген. Ыстық цех (тамақ дайындайдайтын) бөлмесінде дайын өнімдердің қауіпсіздігі қамтамасыз етілген, тамақты аймақтарды (тарату орны, шикі өнімдерді, дайын өнімдерді өңдеуге арналған, асүй ыдыстарын жууға арналған) аймақтарға бөлінген.Қоймада тамақтарды сақтауға арналған стеллаждар, сөрелер қарастырылған. Қойманың температуралық-ылғалдылық режимінің сақталуын бақылау үшін, температураны, ауаның салыстырмалы ылғалдылығын өлшеуге арналған көрінетін жерде белгіленген, есіктер мен буландырғыштардан алыс бақылау-өлшеу құралдары (психрометр) орнатылған. Тамақ өнімдерін сақтау, шикізат пен дайын өнімді бөлек сақтауға арналған тоңазытқыш пен мұздатқыш жабдықтары қарастырылған, температуралық жағдайлардың сақталуын бақылау үшін термометрлер орнатылған. Азық-түлік (тамақ) шикізатын, жартылай фабрикаттарды және дайын тамақ өнімдерін тоңазытқыш жабдықта бірге сақтаған кезде өнімнің тауарлық көршілестігін сақтау үшін және өнімді температуралық режимдерін, дайындаушы белгілеген жарамдылық мерзімдерін сақтау үшін, жабық қаптама (контейнерлер, гастрономиялық ыдыстар) қамтамасыз етілген. Ас блогында шикі өнімдерді және персоналдың қолын жуу үшін бөлек жуғыш, асүй ыдыстарын және асхана ыдыстарын жуу үшін -

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

пайдаланылатын ыдыстарды толық батыру үшін жеткілікті көлемдегі жуғыш орнатылған;Жуылған ыдыс-аяқтарды кептіру үшін тор көзді сөрелер, стеллаждар қарастырылған. Ыдыс-аяқтар жуылғаннан кейін тұтқасы жоғары қаратып сақталған.Ыдыс жууға арналған мүкәммал (щеткалар, шүберек) жұмыс аяқталғаннан кейін тазартылып, ағынды судың астында жуылып, кептірілу көзделген. Ас блогы санитариялық қағидаларының талаптарына сай жабдықталған. Технологиялық жабдықтармен, мүкәммалдармен, ыдыстармен жабдықталған. Шикі өнімдерді және дайын тағамдарды өңдеу үшін арнайы құрылғылармен, құрал-жабдықтармен қамтылған: өндірістік үстелдер тамақ дайындайтын электрлі плиталары 4 камфортты, электрлі пеш, стеллаждар, бақылау таразысы, тоңазытқыштар, мұздатқыштар, ет тартқыш, духовка, су қайнатқыш т.б. қарастырылған. Азық-түлік шикізаты мен дайын тамақ өнімдеріне арналған бөлшектеу құрал-жабдықтары (өндірістік үстелдер, тақтайлар, пышақтар, табақтар, кастрюлдер т.б.) өңделетін тамақ өнімдеріне сәйкес, әріпті таңбаланған. Жарықтары, сынықтары, жиектері сынған, пішіні бұзылған, эмалі зақымдалған ыдыстарды пайдалануға жол берілмеген. Жұмыртқаны өңдеуге және сақтауға арналған жеке таңбаланған ыдыс-аяқ қарастырылған. Ас блогының өндірістік және санитариялық-тұрмыстық үй-жайларының қабырғалары, арақабырғалықтары, едендердің беттері күн сайын ылғалды жинау жүргізуге мүмкіндік беретін, жуу және дезинфекциялау құралдарымен өңдеуге төзімді су өткізбейтін материалмен қапталған. Қабырғалар мен арақабырғалардың беті тиісті технологиялық операция жүзеге асырылатын шектегі деңгейге дейін барлық биіктік бойынша тегіс; Еденнің беті тегіс, жинауға ыңғайлы етіп көзделген.Төбелері тегіс.Терезелерде торлары орнатылған.Есіктердің беті тегіс, ылғалды сіңірмейтін, жуылатын материалдардан көзделген.Есіктері өндірістік үй-жайлардан сыртқа қарай ашу көзделген.Ас блогында механикалық түрде іске қосылатын желдету көзделген. Жылу және ылғал бөлу көзі болып табылатын жабдықтың үстінде сыртқа тарту шатырлары көзделген.

Объектіде орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су жүйесіне қосылған, жұмыс қалпында, су ысытқыш арқылы ыстық сумен жабдықталған, табиғи газге қосылған жылу жүйесімен жабдықталған, жарамды жағдайда көзделген. Жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы қуыстарда орналастырылған және торлармен жабылған. Топтық үй-жайларында ауа температурасын бақылау үшін ішкі қабырғаға 0,8-1,2м биіктікте бекітілген термометрлер орнатылған. Суды бұру және суды ағызу жүйелері жергілікті септик арқылы қамтылған, жарамды күйде.

Сарқынды суды қабылдауды гидравликалық бекітпесі (сифон) бар қақпақпен жабдықталған, нысанның шаруашылық аумағында орналастырылған.

Топтарда ауыз су режимі диспенсер суы Waterlaif арқылы ұйымдастырылған. Су ішу үшін бір реттік пайдаланылатын ыдыс қарастырылған. Ауыз судың сапасын растайтын құжаттары бар.

Орталықтандырылған суық су және су ысытқыш арқылы ысытылатын ыстық су қарастырылған. Барлық санитариялық торатптағы қолжуғыштарға, медициналық кабинеттегі қол жуғышқа, сондай-ақ ас блогындағы араластырғыш қондырғысы бар қажетті технологиялық жабдықтарға салқыны және ыстық су және унитаздарға салқын су тартылған, жұмыс қалпында. Балалар мен персоналдардың жеке гигиенаны сақтау шарттары сақталған, барлық қол жуу раковиналарының жанында сұйық сабын, қол кептіру үшін жеке сүлгілер қол жууға арналған құралдар қарастырылған.

Нысанда персоналға арналған қызметтік-тұрмыстық бөлме қарастырылған.

Персоналға арналған дәретханаларда унитаздар, қолды жууға және кептіруге арналған құралдары бар жуынатын раковиналар, қоқыс жинауға арналған урналар орнатылған.

Обьектідегі барлық үй-жайларды жарықтандыру табиғи және жасанды түрде жүзеге асырылады. Объектілердің балалар болатын топтық бөлмелерінде табиғи жарықтандыру көзделген. Топтық және оқу үй-жайларында терезе әйнектерін бояуға жол берілмеген. Жарық ойықтарын реттелетін күннен қорғайтын құрылғылармен жабдықталған. Бір үй-жайда бір типті жарық диодты шамдар орнатылған. Тексеру кезінде істен шыққан шамдар болған жоқ.

Жалпы желдету жүйесі терезе арқылы ұйымдастырылған, ауа баптағыш қарастырылған. Терезелердің конструкциясы балалардың болуына арналған үй-жайларды жылдың кез келген уақытында желдетуді ұйымдастыруға мүмкіндік беретіндей жасалған. Желдету үшін ашылатын терезелерде москит торлары, қорғаныш құлыптары толық орнатылған.

Балалар үшін сатып алынған өнімдерге (ойыншықтар, ыдыс, жеке гигиена құралдары, мектеп және жазу құралдары, төсек-орын жабдықтары, жиһаз) олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттар бар. Пайдаланылған ойыншықтарды күн сайын жуу құралдарын қолдана отырып күннің соңында жуу жоспарланған. Ойыншықтарды жууға және өңдеуге арналған таңбаланған сыйымдылықтар, қажетті құралдар, шүберек пен жөке және бактерицидті сәулелегіш қарастырылған.

Дезинфекциялау, жуу құралдарының, жеке гигиена құралдарының қоры жеткілікті. Жинау жүргізу үшін нормалау құжаттарына сәйкес қолдануға рұқсат етілген, дезинфекциялау құралдары пайдаланылады. Дезинфекциялау ерітінділерін өндірушінің нұсқаулығына сәйкес ертіндіні дайындау күні көрсетіле отырып, таңбаланған сыйымдылықтар қарастырылған. Дезинфекциялау және жуу құралдары, жұмысшы ерітінділері балалардың қолы жетпейтін орындарда сақтау үшін арнайы орын дайындалған. Бөбекжай-бақшада бір жатын орынға үш төсек-орын жиынтығы көзделген. Төсек-орын жабдықтары, орамалдар әр балаға жеке бөлінген және төсек-орын қорын сақтау үшін арнайы шкафтары бар орын

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

бөлінген.
Лас кірді жуу үшін ЖК «Омар» мекемесімен 20.04.2026жылғы №19-А/26 санды келісім шарт ұйымдастырылған.

Өтінішпен бірге нысанға зертханалық, құрал-саймандық зерттеулер мен өлшемдер жүргізілген жалғанған хаттамалары бойынша сәйкессіздік анықталмаған. Микробиологиялық және санитариялық-химиялық зертханаға орталықтандырылған құбыр суы алынып зерттелген сәйкессіздік жоқ (6.05.2026ж №1260002187497021 хаттама, 6.05.2026ж №1260001014796933хаттама 8.05.2026ж №1260001217498785 хаттама, Бөлмелерінің оңтайлы микроклиматтық жағдайларына (температура, ауа қозғалысының жылдамдығы және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы) зертханалық өлшем жүргізілгені жөнінде және жасанды жарықтандыру көрсеткіштеріне зертханалық өлшем жүргізілгені жөніндегі хаттамада 6.05.2026ж №1260001007485118, 6.05.2026ж №1260001007485118хаттама сәйкессіздік жоқ.

-

-

9.Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жерасты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау аумағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған орта мен халық денсаулығына тигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;) -

10.Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар басжоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)
Өтінішпен бірге нысанға зертханалық, құрал-саймандық зерттеулер мен өлшемдер жүргізілген жалғанған хаттамалары бойынша сәйкессіздік анықталмаған. Микробиологиялық және санитариялық-химиялық зертханаға орталықтандырылған құбыр суы алынып зерттелген сәйкессіздік жоқ (6.05.2026ж №1260002187497021 хаттама, 6.05.2026ж №1260001014796933хаттама 8.05.2026ж №1260001217498785 хаттама, Бөлмелерінің оңтайлы микроклиматтық жағдайларына (температура, ауа қозғалысының жылдамдығы және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы) зертханалық өлшем жүргізілгені жөнінде және жасанды жарықтандыру көрсеткіштеріне зертханалық өлшем жүргізілгені жөніндегі хаттамада 6.05.2026ж №1260001007485118, 6.05.2026ж №1260001007485118хаттама сәйкессіздік жоқ.

11. ИСК-мен жұмыс істеуге рұқсат етіледі (разрешаются работы с ИИИ)

ИСК түрі және сипаттамасы (вид и характеристика ИИИ)	Жұмыстар түрі және сипаттамасы (Вид и характер работ)	Жұмыстар жүргізу орны (Место проведения работ)	Шектеу жағдайлары (Ограничительные условия)
1	2	3	4
I. Ашық ИСК-мен жұмыстар (работы с открытыми ИИИ)	-	-	-
II. Жабық ИСК-мен жұмыстар (Работы с закрытыми ИИИ)	-	-	-
III. Сәуле өндіретін құрылғылармен жұмыстар (Работы с устройствами, генерирующими излучение)	-	-	-
IV. ИСК-мен басқа жұмыстар (другие работы с ИИИ)	-	-	-

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение

ЖШС "Kozaiyt Kids"

(2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы)
(полное наименование объекта санитарно- эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 07 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)
Атырау қаласы, Балықшы ықшам ауданы, Тұқпатолла Қалмұханов көшесі, 32 құрылыс мекен жайында орналасқан 4 топ 96 орынға арналған ЖШС "Kozaiyt Kids" бөбекжай-бақшасы. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы, «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы, «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 26 бұйрығы, «Желдету мен ауаны баптау жүйелерін дезинфекциялауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № ҚР ДСМ - 95 бұйрығы талабына сәйкес келеді.


Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай (соответствует)
сай (соответствует)

Ұсыныстар (Предложения):
-

2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының міндетті күші бар.
На основании Кодекса Республики Казахстан от 07 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Атырау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Атырау қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі
АТЫРАУ Қ., Гурьев көшесі, № 7А үй
(Мемлекеттік санитариялық бас дәрігер, қолы (орынбасар)
Республиканское государственное учреждение "Атырауское городское Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Атырауской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"
Г.АТЫРАУ, улица Гурьев, дом № 7А
(Главный государственный санитарный врач (заместитель))
Гайнеденов Канат Бахбергенович
тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество,подпись)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.



Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.